

ЕҢБЕКТЕРІ ЕРЕН

С. Торайғыров атындағы облыстық кітапханада «Рухани жаңғыру» бағдарламасының іс-шаралар шеңберінде Павлодар облысының 80 жылдығына орай «Павлодар Ертіс өңірінің шежіресі» атты кітап пен мұрағат көрмесінің тұсаукесері өтті. Көрмеге өлкеміздің тарихы, құрылуы мен дамуы жайлы ақпарат беретін 300-ден аса кітаптар қойылды.

Сондай-ақ, басқа да көптеген шаралардың басы қайырылды.



Біздің өңір еліміздің дамыған облыстарының біріне жатады. Әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуына Ертіс-Көреку өңірінің нақты істері және толағай табыстары мол.

Халқына қадірі мол, еңбегін ел таныған азаматтардың есімін қай уақытта да қадрлеп, құрметтеу біздің парызымыз.

Облысымыздың 80 жылдық мерейтойында Ертістің Павлодар өңірінің

ішінде білім саласының майталмандары М.Х. Хамитов, К.Ә. Шарипов, Н.Ж. Хайруллина, А.Н. Нұржауов, Е. И. Засыпкина, денсаулық саласына өлшеусіз үлес қосқан М.М. Тентекбаев, темір жол саласында көп жыл еңбек еткен А.К. Рыбников, өнер саласында өзіндік орны бар азамат, қоғам қайраткері Қ.И. Баязитов, К.И. Пульга, суретшілер К.Е. Темиргалиев, В.Ф. Поликарпов, инженер Н.А. Гунчак сонымен қатар М. Өндіріс, Л.А. Ушакова және де басқа да қонақтар қатысты. Айтуды шараға облыстың өлкетанушылары, зиялы қауым өкілдері, колледж студенттері қатысты.

Иса Байзаков атындағы облыстық филармониясының белгілі әншілері А. Ботаева, Ж. Байсұлтан, Ақсу қаласының «Криницы» украин халық ансамбльдері және облыстық этномәдени орталығының «Чишмя» татар - башқұрт ансамбльдері келген қонақтарға әннен шашу шашып қонақтардың көңілдерін бір көтеріп тастады. Танымал ақындар К. Лунин, О. Григорьева және жас ақын Д. Мұратбек өздерінің шығармашылықтарынан өлең-жырларын оқыды.

Облыс құрдастарына арнайы дайындалған сыйлықтар табысталды.

Кешімізге келген ардагерлердің қай-қайсылары болмасын елімізге елеулі еңбектері сіңген - туған жеріне адал еңбек еткен құрметті азаматтар. Олардың жүрген жолдары өсіп келе жатқан келешек ұрпаққа үлгі - өнеге деп білеміз.

Бүгінгі жастардың өз Отанына деген ыстық ықыласын оятып, сүйіспеншілігін тудыратынына көміл сенеміз. Жас ұрпақты тәрбиелеуде ардақты еңбек ардагерлерінің қосар үлесі зор демекпіз.

Жуырда тағы да осындай бір «Мен не көрдім» тақырыбы бойынша өткен бір шара «Рухани жаңғыру» бағдарламасының және Павлодар облысының 80-жылдық мерейтойының шеңберінде С. Торайғыров атындағы Павлодар облыстық кітапхананың «Айна» галереясында Красноярский Борис Захаровичтің ашылып, автордың әртүрлі жылдары түсірілген 52 жұмысы қойылды дербес фотокөрмесі болды.

Сондай-ақ, осы аталмыш облыстық

кітапхананың конференц-залында Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы А.Т. Райымбеков облысымыздың зиялы қауымымен кездесті. Көптеген сұрақтардың ішінде – көркем кеңес құрамы туралы сұрақ пен Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауы талқыланды.

Жаңа әлем көшбасшыларының қатарына қосылу үшін 10 міндетті шешуіміз керек. Облыстық кітапхана басшысы Ш.Б. Шахметованың алғы сөзінен кейін, басшының орынбасары Б.Б. Байжанова мемлекет басшысының алға қойған әрбір міндеттерін түсіндіріп жеткізді. Елбасының Жолдауын біздің ұжым бір ауыздан қолдады.

Б.Т. БУКАШЕВА,

С. Торайғыров атындағы облыстық ғылыми кітапхананың қызметкері.



өркендеуіне үлес қосқан қадірлі ардагерлеріміздің есімі ерекше аталады. Осы мақсатта «Ер еңбегін ел бағалайды» атты ардагерлермен кездесу өтті.

Кештің басты қонақтары 1938 жылы дүниеге келген облысымыздың құрдастары шақырылды. Олардың